



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 81 (8467) Сенбі 13 тамыз 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ-ЕЛ МӘСЕЛЕСІ

НҰРОТАНДЫҚТАР ЕҢБЕК ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ



М.МАНЕКЕЕВ,
«Ауыл жаңалығы».

КЕШЕ, АПТАНЫҢ ЖҰМАСЫ КҮНІ, «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР КОДЕКСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТҮСІНДІРУ МАҚСАТЫНДА ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІНІҢ ОРНАЛАСҚАН «ROLA-7» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ.

Аталмыш кездесуге партия аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ш.Байтақова қатысып, туындаған мәселелерге түсінік беріп отырды және қорытынды сөз сөйледі. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы Саяси кеңесінің Бюро мүшесі С.Қалмұратов, Саяси кеңестің мүшесі, орыс этно-мәдени орталығының жетекшісі Л.Горр, аудан әкімдігі жер қатынастары бөлімінің бас маманы Н.Оразымбетов, «Ro-la-7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұжымы мен жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан жиынды ашып, жүргізіп отырған Қызыл жұлдыз ауылдық округінің әкімі Ө.Нұрбаев өзінің кіріспе сөзінде Жер кодексінің қоғамдық резонанс туғызған кейбір нормаларына Елбасының мораторий жариялағанын айта келе, бүгінгі таңда қоғамымызда осы мәселе бойынша кең көлемді түсінік жұмыстарын жүргізу қолға алынғандығын атап көрсетті.

Басқосуда алдымен сөз алған аудан әкімдігі жер қатынастары бөлімінің бас маманы Нұрлан Жаңабайұлы Жер кодексіндегі мораторий жарияланған баптарға тоқтала келіп, былай деді:

—Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында елімізді әлемнің бәсекелестікке

қабілетті отыз мемлекетінің санатына енгізуге бағытталған міндеттер анық көрініс тапқан. Ұлт жоспарын жүзеге асыру шеңберінде ауыл шаруашылығы жерлерін азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жекеменшігіне беру жөнінде Қазақстан Республикасының Жер кодексіне енгізілген өзгертулер мен толықтырулар 2016 жылдың 1 маусымында күшіне енуі тиіс болатын. Дегенмен, халыққа жаңа Жер кодексіні

жатқанын, бүгінгі таңға аудан тұрғындары тарапынан 25 қоңырау шалынып, қойылған сұрақтарға кезекшілер тарапынан тиісінше жауаптар берілгенін жеткізді.

Бұдан кейін ретімен сөз алған «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы Саяси кеңесінің Бюро мүшесі С.Қалмұратов, Саяси кеңестің мүшесі, орыс этно-мәдени орталығының жетекшісі Л.Горр, партия аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ш.Байтақова



түсіндіру мақсатында Елбасымыз заңға 2017 жылға дейін мораторий жариялады. Осы орайда, жер-жерде жерге қатысты құрылған комиссиялар заңдағы өзгерістерді жұртшылыққа түсіндіру жұмыстарымен айналысуда. Жаңа заңда жердің ең алдымен, еліміздің азаматтарына ұзақ мерзімге жалға берілуі және кадастрлық құнына сай аукцион арқылы сатылуы көзделген.

Баяндамашының ақпаратына сүйенер болсақ, өткен жылдың қараша айындағы есебі бойынша ауданның жер қоры 446 021 гектарды құраған. Оның ішінде, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 168

басқосудағы еңбек ұжымының мемлекеттің қозғаушы күші екенін алға тартып, сол қозғаушы күштің еліміздегі даулы мәселелер аясында нақты ақпараттармен қамтылуы қажеттігін айтты.

Жер біздің ең басты байлығымыз. Осы жылдың аяғына дейін жерге қатысты заңды талқылауға, ұсыныстары мен ой-пікірлерін білдіруге әркімнің де мүмкіндігі бар екені айтылды.

Кездесу барысында ұжым мүшелері тарапынан Жер реформасы мәселелеріне қатысты туындаған сауалдарға нақты жауаптар берілді.

БІРЛІК- БАСТЫ БАЙЛЫҚ

Ж. ИЛҒАСОВ,
Байзақ ауданы статистика
басқармасының жетекші
маманы.



Елбасымыздың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында бүгінгі әлемдік ахуалдың күрделі кезеңмен ұштасып отырғанын атай келіп, аса жауапты сәтте бірліктің сақталуы маңызды екенін, сондай-ақ, бәріша қоғам ел игілігі үшін аянбай тер төгу қажеттігін саралай отырып, мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттерді іске асыру жолдары мен ел тәуелсіздігін қастерлеу туралы нақты айтылған.

Тәуелсіздіктің 25 жылы қарсаңында еліміздің қол жеткізген табыстары келешекке нық қадаммен баруға жол ашады. Десекте ел алдында тұрған басты міндет - дамыған 30 елдің қатарына ену. «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру болып табылады.

Қазіргі таңда еліміз дамудың даңғыл жолына түскен. Елбасымыздың кемел саясатының арқасында еліміз әлемге танылды. Көп ұлтты Отанымызда бірлік пен қоғамдық келісім салтанат құрып, Қазақстан халқы Ассамблеясы ел бірлігін нығайтуға өзіндік үлес қосып келеді. Жалпы Елбасымыз Қазақстан Республикасын 25 жыл ішінде әлем толық мойындаған және құрметтейтін дүниежүзінің алдыңғы қатарлы 50 мемлекетінің сапына шығарды. Әсіресе қазіргідей сындарлы кезеңде ел дамуына жол ашқан «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен «Нұрлы жол». Ұлт жоспары, басқа да мемлекеттік бағдарламалар бойынша ауданымызда қыруар тірліктер қолға алынған.

Тәуелсіздік-еліміздің басты құндылығы. Ширек асырлық мерейтой Қазақстан халқы Ассамблеясы қанатындағы бәріша этносқа ортақ мереке. Еліміздің бақыты да, бағы да қазаққа етене бауыр басқан бәріша қауымының ортақ жемісі. Сондықтан қазақ жерін мекен еткен бәріша ұлт өкілдері еліміздің табыстарын еселеуге, ел игілігі жолында еңбек етуге жұмылып, тірегіміз-тәуелсіздік, тілегіміз-тұрақтылық, білегіміз-бірлік екенін естен шығармайды. Олай болса, әрқайсымыз жаһандық дағдарысты еңбекпен жеңе отырып, ел тәуелсіздігін тұғырлы етуге, жастарымызды отансүйгіштікке тәрбиелеу, ел бірлігін сақтаудың маңызын сезініп, қолда бар құндылықтардың қасиетін бағалайық.

Елбасымыз айтқандай: «Біріміз-бәріміз үшін, бәріміз-біріміз үшін» деген қағиданы ұстанып ел игілігі жолында тер төге берейік!

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР-ІС ЖҮЗІНДЕ

М. ШАЛҒЫНБАЙҰЛЫ,
«Ауыл жаңалығы».

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2050 жылға дейінгі бағдарламасында халықты азық түлікпен және шикізат өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығын дамытудың кешенді шаралары қарастырылғаны белгілі. Аталмыш бағдарламада арнайы кешендерді, фермерлік қосалқы шаруашылықтарды дамыта отырып, алдағы уақытта мал шаруашылығы өнімдерін көбейту көзделген. Сонымен қатар мал және шикізат өнімдерін өңдеуге үлкен мән берілген.

Осыған орай, аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің мемлекеттік бағдарлама аясында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар жөнінде бізге берген мәліметтерін оқырман назарына ұсынбақпыз.

Ауданның шаруа қожалық


жетекшілеріне мал шаруашылығындағы «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан», «Жайылымдарды суландыру» және «Ырыс» бағдарламалары туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Бүгінгі күнге «Сыбаға» бағдарламасы бойынша жеті бірдей шаруа қожалығы жалпы сомасы 92,52 миллион теңге несие алу үшін құжаттарын дайындап өткізсе, бес шаруа қожалық 38,52 миллион теңге көлемінде несие алыпты.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша мүйізді ірі қара малын сатып алу жоспары 470 бас болса, бүгінгі таңда бес шаруа қожалығы 38,52 миллион теңге 237 бас мүйізді ірі қара малын сатып алған.

«Құлан» бағдарламасы аясында алты шаруа қожалығы жалпы сомасы 26,37 миллион теңге көлемінде қаражат алу үшін құжаттарын дайындап өткізсе, төрт шаруа қожалық 18,9 миллион теңге несие алған.

Осы «Құлан» бағдарламасы бойынша жылқы сатып алу жоспары 280 бас



деп болжаса, бүгінде төрт шаруа қожалық 18,9 миллион теңгеге 72 бас жылқы сатып алыпты.

Сондай-ақ аудан аумағында «Алтын асық» бағдарламасы бойынша да жұмыстар өз деңгейінде атқарылуда. Атап айтқанда, он бір шаруа қожалығы жалпы сомасы 59,077 миллион теңге несие алу мақсатында құжаттарын дайындаса, сегіз шаруа қожалығы 49,776 миллион теңге көлемінде несиеге қол жеткізген. Аталмыш бағдарлама негізінде қой сатып алу жоспары 1875 басты құраса, бүгінгі таңға осы шаруа қожалықтар жоспарды 108,9 пайызға асыра орындап, 2041 бас қой сатып алды.

«Ырыс» бағдарламасына байланысты жұмыстар да назардан тыс қалмай, осы бағытта Үлгілі ауылдық округінде орналасқан «Асыл Мұра Қызмет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 200 бас, «Кенесхан» шаруа қожалығы 150 бас сауын сныр алуға қажетті құжаттарын дайындап, тиісті орынға өткізіпті.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БАЙЗАК АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ

№13
Сарыкемер ауылы 12 тамыз 2016 жыл

Көптерек ауылы әкімін тіркеу туралы

Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату өткізу қағидаларының 57, 59-тармақтарына сәйкес және 2016 жылғы 11 тамызда өткен Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көптерек ауылы әкімін сайлаудың қорытындылары туралы аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Телеуов Канат Рысбаевич, «Қарлығаш» шаруа қожалығының есепшісі, Абай ауылының тұрғыны, ұлты қазақ, «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Жамбыл облысы Байзақ ауданы Көптерек ауылының әкімі болып тіркелсін.

2. Сайланған әкімін тіркеу туралы Байзақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының шешімі Байзақ ауданының әкіміне және тиісті мәслихатқа тапсырылсын.

3. Сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау
комиссиясының төрағасы
А.Түлепбергенов.

РОЛЬ СЕРВИСА «Судебный кабинет» В НАШЕМ ОБЩЕСТВЕ

А.КАРЖАУОВА,
ведущий специалист Байзакского
районного суда.

На сегодняшний день широко распространено понятие «Судебный кабинет». Без этой услуги практически невозможно представить жизнь граждан и адвокатов, обращающихся в судебные органы. Этот инструмент доказал свою работоспособность, экономлены средства на транспортные расходы и на почтовые отправления при подаче исков в судебные органы.

На сегодняшний день через «Судебный кабинет» направлены 890 276 исковых заявлений и заявлений.

Физические лица и их представители, представители юридических лиц вправе представлять в суд электронные документы, посредством заполнения электронных форм, размещённых в сервисе «Судебный кабинет». Для этого указанным лицам необходимо зарегистрироваться в сервисе «Судебный кабинет».

С помощью сервиса «Судебный кабинет» есть возможность, где бы вы не находились, подать в любой судебный орган исковые заявления; заявления об обеспечении иска; отзыв; встречный иск и многие другие виды заявлений. При этом в суд документы, подписанные с помощью ЭЦП, поступают моментально.

Более того, с помощью «Судебного кабинета» можно также подавать апелляционные, кассационные жалобы. Подача исков и заявлений через «Судебный кабинет» – существенно сокращает транспортные расходы и время пользователя.

Отправленные документы отображаются во вкладке «Поданные документы». Для ознакомления с результатом рассмотрения поданного документа необходимо нажать на него в списке. В результате будет открыто окно, в котором можно ознакомиться с информацией о поданном документе; статусом рассмотрения или динамикой хода рассмотрения дела; ответом.

Более того в данном сервисе можно оплачивать государственную пошлину через банковскую карточку, а посчитать сумму государственной пошлины поможет в сервисе калькулятор.

Поступившие электронные документы в суд регистрируются и передаются на рассмотрение в тот же день, в случае поступления документов вне рабочее время - в следующий рабочий день.

Пользователи социальной сети Фейсбук активно обсуждают преимущества и недостатки сервиса «Судебный кабинет». Изучение данных комментариев показало, что в целом многие довольны достоинствами сервиса «Судебный кабинет». Как признался адвокат из города Алматы, он неделю кое-как протянул без «Судебного кабинета», так как был просрочен его электро-цифровой ключ, вскоре он возобновил свою работу в Центре обслуживания населения. Ещё пользователи пишут в социальной сети, как они, зарегистрировавшись в сервисе «Судебный кабинет», узнали о том, что их привлекли к административной ответственности, хотя они даже не подозревали об этом.

Бесконечно можно перечислять преимущества сервиса «Судебный кабинет», но можно всё оценить самому, лишь один раз зарегистрировавшись в данном сервисе.

ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

АҚЫНҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

ӨМІРДЕ ҚАРАПАЙЫМ БОЛЫП КӨРІНГЕНІМЕН ӨНЕРДЕ ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАСЫ БАР АЙТҚҰЛ АҒАМЫЗ 70 ЖАСҚА ДА КЕЛІП ҚАЛЫПТЫ. АЛЛА ТАҒАЛА БІР БАСЫНА БІРНЕШЕ ӨНЕРДІ ҮЙІП-ТӨГІП БЕРГЕНДІКТЕН АТПАЛ АЗАМАТТЫҢ АУДАН ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ АЙРЫҚША. ӨТКЕН СӨРСЕНБІ КҮНІ АУДАНДЫҚ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ «МУЗА - МЕНІҢ ӨНЕРІМ» АТТЫ ТАҚЫРЫППЕН ӨТТІ.

Алдымен жиналған қауым ақынның «Муза-менің өмірім» атты слайдты тамашалап, мың бұралған бишілердің өнеріне тәнті болды. Одан соң аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев ақынды бүгінгі шығармашылық кешімен құттықтап, өміржолына тоқталды. Саналы ғұмырын мәдениет пен өнерге арнаған Айтқұл ағаның «Шахан» халық театрын алғаш ұйымдастырып, негізін қалаған тұңғыш режиссер ретінде ғана емес, драматург-жазушы, театр-кино өнерінің режиссер-операторы, ұлағатты ұстаз ретінде

өткендігін, өнерін өміріне серік еткен Айтқұлдың тынымсыз еңбегі өзін құрметке бөлеп отырғандығын айтса, аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Тлепов 70 жасын үлкен жетістіктермен қарсы алып отырған Айтқұл Мамытқұлұлының бастамасымен өткен ғасырда іргетасы қаланған «Шахан» халық театрының қол жеткізген табыстарында ақынның сүбелі үлесі барлығын жеткізді. Жамбыл облыстық халық шығармашылығы мен мәдениет қызметкерлері үйінің директоры Ғ.Садырбаев, Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы» газетінің



құрмет тұтатындығын айтып, шығармашылық табыс тілеп, аудан әкімі атынан иығына зерделі шапан жауып, ілтипатын көрсетті. Байзақ ауданының Құрметті азаматы Р.Шәметов болса ақынның өміржолы өзінің көз алдында

Бас директоры Б.Жаксымбетов ақынның өнер мен мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы табыстарын тілге тиек ете отырып, жүрекжарды лебіздерін білдіріп, сый-сияпаттарын табыстады. Аудандық ардагерлер



кеңесі атынан аталмыш кеңестің төрағасы К.Бесплаев мерейтой иесінің иығына шапан жапты.

45 жылдық еңбек өтілінің жиырма жылын мәдениет пен өнерге, ал 25 жылын оқу-ағарту саласына арнаған Айтқұл ағаға деген ыстық лебіздерін жырмен жеткізгендер де аз болмады. Н.Киікбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Омарова мен Мырзатай ауылының тұрғыны Б.Будеева арнау жырларын оқып, сияпаттарын ұсынды.

Әнмен, жырмен көмкерілген кеште ақынның сөзіне жазылған әндерді Ғ.Әлімқұлова, Н.Нұрбаев, Ө.Нұрбаев, А.Жылысбаева, А.Исабаев, Ж.Сәлімбаева, К.Құрымбаева сынды әншілер әуелете шырқаса, күйшілер Дидар Басығараев пен Жалғас Исабаевтар домбырамен «Күйтарғыс» шығармасын орындап, тыңдармандардың ыстық ықыласына бөленді.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Айтқұл Мамытқұлұлының қаламынан туған жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Ақәділ Суханбаевтың ерлігін паш еткен «Қас батыр», «Ақәділ-Айтай»,

ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Кесепатты кезең кесірі», «Байзақ батыр» драмалары, кино саласындағы бірнеше фильмдері өз алдына бір төбе. Он кітаптың авторы.

Кеште «Байзақ батыр» драмасынан Айтқұл аға шәкірттері, марқұм суырыпсалма айтыскер акын Әзімбек Жанқұлиевті, бүгінде қазақ теледидарының жүргізушісі, акын Нәзира Бердалиеваны, «Жамбыл-Тараз» телестудиясының дикторы Алматы Садуақастегі және Айнұр Омарованы мақтан ететіндігін айта келе, өзінің жүрек түкпірінен шыққан жырларын төгіліп оқып, өнерді құрметтеп келгендерге алғысын білдірді.

Әдемі кештің шымалдығы ақынның «Ақжүзім-ақмоншақ» әнімен жабылды. **Өз тілшіміз.**

ЖЕРДЕ БІР БАЛА ҚҰАНСА, КӨКТЕ МЫҢ ПЕРІШТЕ ШАТТАНАДЫ

Қайырымдылық жасау-шынайы көңілден көмек көрсету-бұл барлық әлем халықтарының байырғы заманнан келе жатқан дәстүрі. Сондықтан көмек көрсетудің қажеттілігі мыңжылдықтар бойы қалыптасқандықтан бүгінде өтеусіз жасалатын мұндай көмектер кез келген қоғамда, кез келген әлеуметтік-мәдени қауымда кездесетіндігі шындық.

2008 жылдан бері өтіп келе жатқан республикалық «Мектепке жол» акциясы тамыз айының алғашқы күнінен қыркүйектің соңына дейін екі ай көлемінде жүргізіледі. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналды «Бакытты балалық шақ» ұранымен өтіп жатқан шараның басты мақсаты - жаңа оқу жылына дайындық кезінде аз қамтылған, көп балалы отбасыларға, жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған орендерге материалдық және басқа да көмек көрсету.

Бейсенбі күні аудан әкімдігіне қарасты білім бөлімінің ұжымы,

басшысы Д.Усқумбаеваның ұйытқы болуымен Ғ.Мұратбаев мектеп-гимназиясының 2 «г» сыныбының



оқушысы Р.Бабаев, Т.Ақбозов, Мырзатай, Тегістік, С.Абланов орта мектептерінің оқушылары А.Нұркелді, Д.Мысыралиев, К.Болатқызы, Н.Жолмырзаға «Мектепке жол» акциясы аясында қамқорлық көрсетілді.

Білім бөлімінің басшысы алдымен қайырымдылық акциясы шеңберінде әлеуметтік қорғалмаған

санаттағы балаларға көмек көрсетудің маңызына тоқталды.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым» деп Абай ақын айтқандай, әлеуметтік жағынан қорғалмаған және күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетуді бірінші болып қолға алып, бірнеше балаға жәрдем беріп отырмыз. Ендігі жерде аудан кәсіпкерлері, үкіметтік емес ұйымдар, жекелеген азаматтар да аталмыш шараға белсене қатысып, балаларға қуаныш сыйлайды деп сенеміз делі келе, Дамеш Чайхықызы бірнеше өренге сөмке, спорттық киім, жейде, мектептің оқу құралдарын табыс етті.

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы-жомарттық. Қолда барымен бөлісіп, көмекке зәру жандарға қолдан келгенше жәрдем беру-игілікті іс. Аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары, «Нұр Отан» партиясының Байзақ аудандық филиалы саяси кеңесінің мүшесі, «Дана» бастауыш партия ұйымының төрайымы Ғ. Мамырбаеваның демеушілігімен Гагарин атындағы орта мектептің 3 «в» сынып оқушысы



И.Ноғайбаеваға сөмке, оқу құралдары және аяқ киім табысталды.

Жанатұрмыс ауылдық округіне қарасты Көкбастау елді мекеніндегі «Қалмұрат баба» мешітінің имамы Б.Сағымбаевтың ұйымдастыруымен және Амангелді орта мектебінің әлеуметтік педагогі Г.Кокаеваның ұйытқы болуымен «Мектепке жол» акциясы аясында жағдайы төмен 12 мектеп оқушыларына кенсе тауарлары мешіт атынан үлестірілді, балаларға білім алудың маңыздылығы турасында уағыз айтылды.

Жаңа оқу жылы қарсаңында сыйлықтарға кенелген балалар оқу құралдарына қарап мәз-майрам болса, ата-аналар қол ұшын созған азаматтарға алғыстарын жеткізді.

Өз тілшіміз.

“Уроки” для мужей

Скандалы и ссоры между супругами в последнее время частенько заканчиваются обращением в суд. Меняются времена - меняются нравы.

К примирению сторон посредством медиации пришли супруги Мусабековы, дело которых рассматривалось в суде 24 июня текущего года.

Е.Мусабеков, 1966 года рождения, житель села Ульгули, 10 февраля в 7 часов утра устроил дома скандал: объектом агрессивного настроения стала жена. Ранним утром Е.Мусабеков начал ссору без видимой причины, оскорблял жену, ругал её матерными словами, не давал покоя.

При рассмотрении дела в суде, которое велось под председательством

ИЗ ЗАЛА СУДА

судьи А.Назаркулова, стороны пришли к примирению. Ответчик принёс свои извинения - пострадавшая простила мужа и просила о снисхождении к нему.

По такому же сценарию разворачивались события и в семье Б.Кенесбаева, 1970 года рождения, жителя села Базарбай. Конфликт также был улажен посредством медиации.

Хорошо, если после таких «уроков» мужья сделают надлежащие выводы.

Довёл дело до суда

21 июня в селе Костобе произошло столкновение автомашин «Mercedes Benz» и «BA3». Виновиком аварии был водитель «Mercedes Benz» Е.Бейсеков, который превысил скорость. В результате ДТП был нанесён немалый материальный ущерб владельцу «BA3а». Сразу возместить ущерб виновник отказался

и пострадавший обратился в суд.

4 июля дело было рассмотрено в суде судьёй С.Умиралиевым. С.Бейсеков признал свою вину, раскаялся и обещал полностью возместить ущерб владельцу «BA3а».

На С.Бейсекова, согласно статье 610 часть 1 Административного кодекса РК, был наложен штраф в размере 10-месячных расчётных показателей – 21210 тенге.

Результат пагубных пристрастий

Житель села Сарыкемер С.Селезнев и уроженец Республики Кыргызстан А.Кулманов были осуждены районным судом за приобретение и хранение декоративной конопли. Но если у первого было найдено 3,5 граммов, то у второго - 8 кг

400 граммов. Всё это он собрал в селе Акчулак нашего района, приехав из соседней республики.

Судья С.Умиралиев вынес справедливое решение: А.Кулманов был осужден на три года лишения свободы в колонии общего режима, а С.Селезнев привлёк к общественным работам на срок - 80 часов.

Хотел «сурвать» куш

И.Муратов, не являясь индивидуальным предпринимателем, не имея лицензии, приобрёл для реализации в городе Шымкент 12600 литров дизельного топлива. При транспортировке топлива он был задержан в городе Тараз без всяких сопроводительных документов.

За незаконную предпринимательскую деятельность жителю Жамбылского района И.Муратов, согласно статье 197 ч.1 УК РК, был назначен штраф в размере 25-месячных расчётных показателей. Дизельное топливо было передано в доход государства.

Наш корр.

18 ТАМЫЗ-СПОРТ КҮНІ

СПОРТ – ЕЛ ЕҢСЕСІ, МЕМЛЕКЕТ МЕРЕЙІ

Ә. ОМАРОВ,
аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы.

Кез-келген мемлекеттің қуатты болуы, ой еңбегі мен дене еңбегін қатар алып жүретін еңбекке қабілетті, тәні мықты, рухы биік, жандары жайсаң ұрпақтың қолынан келетін іс. Халық даналығындағы: «Тәні мықтының, рухы мықты», «Дені сауын-жаны сау», «Денсаулық-басты байлық», «Спорт-денсаулық кепілі» - деген сөздердің мәні осыдан тұса керек.

«Мемлекетіміздің басты байлығы — ұрпақ саулығы» деп Елбасымыз айтқандай, халықтың денсаулығы басты қазынамыз екендігі рас. Қазіргі таңда денсаулықты сақтау барысын жақсарту мақсатында көптеген жұмыстар қолға алынып, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Оның дәлелі бүгінде төрткүл дүние көз тіккен Бразилия мемлекетіндегі XXXI Олимпиада ойындарында ел спортшыларының жетістіктері десек жаңылыспаймыз.

Спортты-денсаулық кепілі дейтін болсақ, спорт ел намысы сыналатын саланың бірі. Бұл салада да біршама өзгерістер орын алып келеді. Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында 2020 жылға дейін бұқаралық спортпен айналысатын қазақстандықтардың санын 30 пайызға жеткізуді тапсырғандығы белгілі. Осыған байланысты еліміз аумағында түрлі үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, спорттық жарыстар, фестивалдер ұйымдастырылуда. Біздің өмір де айтулы істерден қалыс қалып жатқан жоқ. Олимпиада жетістіктері бұған жаңа қарқын қосары анық.

Байзақ ауданы бойынша барлығы 171 спорттық нысан бар. Оның ішінде, атап айтар болсақ, бір стадион, отыз бір спорттық зал, он алты бейімделген спорттық зал және бір жүз жиырма үш спорттық алаңдар мен алаңшалар тұрғындарға қызмет етуде. Аталған спорт нысандары аудан тұрғындарына еш кедергісіз спортпен айналысуларына жағдай жасап отыр. Спорттық нысандардың кіре беріс маңдайшаларында тұрғындардың спорт нысандарына қолжетімділігін қамтамасыз ету кестелері ілінген. Білім мекемелеріндегі спорттық нысандарда тұрғындардың дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуы мен осы спорттық нысандарда спорттық іс-шаралардың өз деңгейінде еш кедергісіз өтуі мақсатында аудандық білім бөлімі мен дене шынықтыру және спорт бөлімі арасында арнайы келісім-шарт жасалынды.

Өткен жылдың 1 тамызы бойынша жалпы халық санынан дене шынықтыру және спортпен айналысатын тұрғындар саны 23 514 адам немесе 24,2 пайыз болса, бұл сандық көрсеткіш үстіміздегі жылдың 1 шілдесіне 3 056 адамға артып, 26 570 адамды немесе жалпы халық санының 26,7 пайызын құрады. Осы шұғылданушылар ішінен 14 жасқа дейінгілері 8 219, 14-29 жас аралығындағы жастар 12 721 және 29 жастан жоғары тұрғындар саны 5 630 адамға жетті.

2016 жылдың алғашқы жеті айында аудан бойынша барлығы 394 спорттық іс-шара өткізіліп, оған 81 165 адам қамтылды. Өткізілген спорттық іс-шаралардың 52-сі аудандық деңгейдегі жарыстар болса, қалған 342-сі ауылдық округтерде түрлі деңгейде өткізілді.

Жамбыл облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының жалпы жүйелі түрде ұйымдастырған облыстық іс-шаралардың ауылдық, аудандық деңгейлері өз кезегінде уақытылы, талапқа сай ұйымдастырылуда. Оның ішінде, мектеп оқушылары арасындағы «Мектеп лигасы» жарыстары, асық атудан «Алтын сақа»,



қазақ күресінен «Қазақстан Барысы», аула ойындары, отбасылық «Әкем, анашым және мен, спортшымыз отбасымызбен», көше спорты ойындары, ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасының тестілері, мемлекеттік қызметшілер спартакиадасы, Олимпиада күніне арналған спорттық жарыстар, спорт ардагерлері спартакиадалары өз деңгейінде өткізілді. Сонымен қатар, мемлекеттік болып бекітілген мерекелік күндерді спорт арқылы атап өту, халық көп жиналатын жерлерде спортты насихаттау жұмыстары жақсы жолға қойылды дей аламыз. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен, ауылдық округтер мен жалпы білім беру мекемелерінің спорттағы деңгейлерін анықтап отыратын аудан тұрғындары арасындағы жыл сайынғы дәстүрге айналған «Байзақ спорты» спартакиадасы, мектеп оқушылары және жастар арасындағы аудандық спартакиадалар, айналма жүйесі бойынша шағын футбол, волейбол, баскетболдан аудан біріншіліктері өткізіліп, бұл спорттық жарыстар тұрғындарды дене шынықтыру және спортпен айналысуға үлкен рөл атқаруда. Бұл өткізілген бұқаралық спорттық іс-шаралар нәтижесі, аудан командаларының немесе жеке жердегі спортшыларының жоғары спорттық жетістіктеріне алып келуіне үлкен септігін тигізуде.

Ауданның спорттық құрама командасының ағымдағы жылдың қаңтар-шілде айлары аралығындағы командалық жетістіктеріне тоқталсақ. Ауданның құрамасы облыстық мемлекеттік қызметшілер спартакиадасында жалпы командалық есепте үшінші орынға ие болса, облыстық спорт ардагерлері спартакиадасында жалпы командалық есепте екінші орынды қанжығаларына байлады. Сондай-ақ облыстық «Алтын сақа» турнирінде жалпы командалық есепте жүлделі екінші орыннан көрінсе, Қазақстан халықтарының облыстық этномәдени бірлестіктерінің арасындағы спартакиадада жалпы командалық есепте бірінші орынды жеңіп алды.

Байзақ ауданы бойынша 2016 жылдың I-ші жарты жылдығында облыстық ресми чемпионаттар мен біріншіліктерінде 72 спортшы, республикалық ресми чемпионаттар мен біріншіліктерінде 34 спортшы жарыс жүлдегері атанса, 2 спортшы ҚР спорт шебері, 1 спортшы III разрядты және 24 спортшы жасөспірімдік разрядты спортшы дәрежелерін орындады.

Ауылдық округтердің дене шынықтыру және спорттағы негізгі көрсеткіштеріне тоқсан сайын талдау жасалынып, олардың спорттағы белсенділік деңгейі анықталуда.

Ауданның бірыңғай өткізілетін спорттық іс-шаралардың жылдық күнтізбелік жоспары жасалынған және сол бойынша жұмыстар тиісінше жүргізіліп отырады. Сонымен қатар аудан әкімінің бекітуімен бұқаралық спортты дамыту бойынша ауданның бір жылға арналған жұмыс жоспары жасалынған және осы жоспар бойынша жыл аяғында аудандық дене шынықтыру және спорт

бөлімі тарапынан тиісті зерделеу жұмыстары жүргізілініп, жұмыстардың нәтижелері арнайы аудан әкімдігінің қаулысымен құрылған аудан әкімдігі жанындағы салауатты өмір салтын қалыптастыру мен дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінде қаралуда.

Бұдан бөлек бөлімде спорттық разрядтар және біліктілік санаттарын беру жөніндегі тұрақты комиссия жұмыс істейді. Комиссияға жергілікті халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы 2016 жылдың қаңтар – шілде айлары аралығында тұрғындардан 37 арыз келіп түсті. Бұл арыздардың 35-і қанағаттандырылып, екеуінің тиісті құжаттары бекітілген талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты кері қайтарылды. Осы 35 арыз бойынша 11 жаттықтырушыға тиісті біліктілік санаттары берілсе, 24 спортшыға тиісті спорттық разрядтар берілген. Сонымен қатар, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінде аудандағы жалпы спорт саласы қызметкерлерінің кенесі жұмыс істейді. Кенестің отырысы әр тоқсан сайын шақырылып, кеңесте дене шынықтыру және спорт саласындағы өзекті мәселелер талқыланып, тиісті тұлғалар мен мекемелердің есептері тыңдалады. Ол бойынша тиісті шешімдер қабылданып, шешімдердің орындалуы бақыланады.

Байзақ аудандық ішкі істер бөлімінде 2016 жылдың I шілдесіне 6 мектеп жасындағы бала «Қиын тобына» жатқызылып, тіркелген және бұл балаларды дене шынықтыру және спортқа тарту бойынша бөлімде тиісті жұмыстар жүргізілуде. Аталған 6 баланың 4-еуі қазіргі таңда спортпен тұрақты түрде айналысып жатса, біреуі денсаулығына байланысты дене шынықтырумен айналысуға тыйым салынса, екіншісін спортқа тарту жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілуде.

Байзақ ауданы бойынша, аудандық дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты 2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Спорт мектептерінде 2015-2016 оқу жылында 1466 оқушы шұғылдана (қосалқы құрамын қоса алғанда) оның 3-і спорт шебері, 18-і спорт шеберіне үміткер, 59-ы түрлі разрядтағы спортшылар болып табылады. Жалпы спорт мектептеріндегі 53 жаттықтырушы, 17 спорт түрін қамтыған 88 оқу-жаттығу тобымен жұмыс істейді.

Аталған спорт мектептерінің теңгерімінде спорт зал, стадион және сегіз бейімделген спорттық зал бар. Бұл спорттық нысандарда оқу-жаттығу жұмыстарына толықтай жағдай жасалынып отыр.

Ендігі кезекте №1 Ж.Үшкемпіров атындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебі спортшыларының басты спорттық жетістіктері туралы айтар болсақ, Нұрмахамметова Рауза, халықаралық «Дети Азии» спорттық ойындарында дзю-до күресінен қола жүлдегері (5-17 шілде 2016 жыл, Якутск қ., Ресей) атанса, Ошақбаев Жандос, грек-рим күресінен 1999-2001 ж.т. жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатының жеңімпазы (1-3 мамыр 2016 жыл, Шымкент қ.), Азатова Махаббат, таеквондодан жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатының жеңімпазы (25-27 наурыз 2016 жыл, Костанай қ.), Есенәлі Нұрбол, таеквондодан жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатының қола жүлдегері (25-27 наурыз 2016 жыл, Костанай қ.), Аширапов Юсуф, грек-рим күресінен Қ.Санатбаев атындағы спорт мектебінің жүлдесіне арналған халықаралық турнирдің жеңімпазы (15-17 қаңтар 2016 жыл, Бішкек қ., Қырғызстан Республикасы), Қ.Абитовты еске алуға арналған республикалық ашық турнирінің жеңімпазы (6-7 ақпан 2016 жыл, Ақтөбе қ.) атанды. Сондай-ақ, №2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі спортшыларының жетістіктері де бір төбе десек артық айтқанымыз емес. Атап айтқанда, Туленов Бақытжан, үстел теннисінен Қазақстан

Республикасы чемпионатының қола жүлдегері (20-25 маусым 2016 жыл, Алматы қ.), Махашев Ислам, бокстан ҚР чемпионатының жеңімпазы (16-20 мамыр 2016 жыл, Алматы қ.), Дүйсенқұл Алмаз, бокстан ҚР чемпионатының қола жүлдегері (16-20 мамыр 2016 жылы Алматы қ.), Шыныбекова Асем, таеквондодан А.К.Чилманов атындағы «Kazakhstan open» халықаралық турнирінің жеңімпазы (3-6 маусым 2016 жыл, Атырау қ.), Құрыш Шадиар, бокстан 2001-2002 ж.т. жасөспірімдер арасындағы спорт шеберлері А.Мақаналин, Е.Нөкербеков, Ж.Сәтеновтарды еске алуға арналған дәстүрлі халықаралық турнирінің жеңімпазы (20-25 маусым 2016 жыл, Балқаш қ.), Шарипова Жансаң, шекемтастан ҚР чемпионатының жеңімпазы (10-14 мамыр 2016 жыл, Астана), Омашева Жібекназ, армрестлингтен жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатының қола жүлдегері (16-18 наурыз 2016 жыл Өскемен қ.), Жеңісбай Әділет, армрестлингтен Азия чемпионатының жеңімпазы (24-30 сәуір 2016 жыл, Ташкент қ.), Нәрік Әсел, армрестлингтен Азия чемпионатының жеңімпазы (24-30 сәуір 2016 жыл, Ташкент қ.), Маханбет Асылбек, бокстан 2001-2002 ж.т. жасөспірімдер арасындағы спорт шеберлері А.Мақаналин, Е.Нөкербеков, Ж.Сәтеновтарды еске алуға арналған дәстүрлі халықаралық турнирдің қола жүлдегері (20-25 маусым 2016 жыл, Балқаш қ.), Балтабай Нұрбибі, таеквондодан жасөспірімдер арасындағы Барыс клубының халықаралық ашық турнирінің қола жүлдегері (19-22 мамыр 2016 жыл, Алматы қ.), Маткаримов Шухрат, таеквондодан жасөспірімдер арасындағы Барыс клубының халықаралық ашық турнирінің қола жүлдегері (19-22 мамыр 2016 жыл, Алматы қ.) және де Нарик Динара, армрестлингтен ҚР чемпионатының жеңімпазы (15-19 ақпан 2016 жыл, Алматы қ.) атанғанын мақтанышып айтуға болады.

№1 Ж.Үшкемпіров атындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің қызметіне 2016 жылы жалпы 65 032 мың теңге көлеміндегі қаражат бөлінген (2015 жылы 53865 мың теңге) және №2 балалар жасөспірімдер спорт мектебінің қызметіне 2016 жылы 49 038 мың теңге көлеміндегі қаражат бөлінген (2015 жылы 36 546 мың теңге).

Аудан бойынша 4 ауылдық округте спорт жөніндегі нұсқаушылар тәжірибесі енгізілген. Жұмыс ауқымының көлеміне қарай барлық ауылдық округтерде спорт нұсқаушысы тәжірибесі енгізілуі қажет (Байзақ ауданы бойынша 18 ауылдық округ бар). Байзақ ауданы, Жамбыл облысы бойынша осы спорт нұсқаушыларымен толық қамтылмаған екі ауданның бірі болып отыр. Сонымен қатар, аудан тұрғындарының спортқа деген белсенділігіне қарай, оларға спорттық залдардың аудандағы жетіспеушілігі байқалады. Ауданға спорт кешенімен қатар бірнеше заманауи спорттық нысандар салу қажет. 30 мыңнан аса тұрғыны бар Сарыкемер ауылы және 10 мыңға жуық тұрғындары бар Бурыл, Байзақ, Түймекент, Талас, Көктал, ауылдарындағы спорттық нысандар жергілікті тұрғындарға аздық етіп отыр. Сонымен қатар, Байзақ ауданы облыс бойынша аула клубтары жоқ жалғыз аудан саналады.

Спорт қай заманда да адамзатты бейбітшілік пен берекелі тірлікке үндеп келеді. Қоғамның әл-ауқатының басты көрсеткіші-адамның денсаулығы болса, оны нығайту мен салауатты өмір салтын қалыптастыруда да спорттың алар орны ерекше. Бүгінде спорт саласының дамып-өркендеуі үшін мемлекет тарапынан барынша жағдай жасалып жатыр десек артық болмас.

Айтулы төл мерекемізде барлық спортшылар мен олардың бапкерлерін, ардагерлерді, спорт қауымдастығын шын жүректен құттықтағым келеді. Сіздерге зор денсаулық, жеңіс жолында табыстарға жетіп, Қазақстанның даңқын арттыра берудеріңізге тілектеспін.

Адам еңбегімен көрікті


“Құрметті колхозшы” атанған ҮБІТАЙ

Е. СЕРІКБАЙҰЛЫ,
Байзақ ауданының Құрметті
азаматы.

Қоғам дамыған сайын еңбек адамына деген құрмет ортаймайтындығын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Оның нақты дәлелі-мәдімарлық Үбітай ағаның өміржолы.

Бүгінде Сәтібеков Үбітай 70 жаста, зайыбы Нұрбүбі 68-де. Екеуінің шаңырақ көтергеніне жарты ғасырға жуықтапты. Алланың берген 8 пәрзентінің ортасында шат-шадыман ғұмыр кешуде.

Үбітай Сәтібеков “Октябрьдің 40-жылдығы” ұжымшарында қырық жылдай тракторист болып, жер жырты, егін салып, қызылша сеуіп, оны жинады. Қыста Мойынқұм мал жайылымында қыстап отырған шопандарға жанар-жағар май, көмір тасып жеткізіп берді. Бір жылдың ішінде 365 күн болса, Үбітай осының үш жүз отыз күнін жұмысқа арнады. Ұжымшардың басшылығы қандай жұмыс тапсырса да оны тиянақты атқарып, елзектігімен, тындырымдылығымен даралана білді. Сол кездегі ұжымшарды басқарған марқұм Сайлау Жаманбаевтың басшылығымен өткен мәжілісте Үбітай Сәтібековке ұжымшардың



жыл сайын жоғарғы көрсеткіштерге жетуіне елеулі үлес қосқаны үшін 1985 жылы “Құрметті колхозшы” атағымен қоса ұжымшар есебінен салынған бес бөлмелі үй сыйға берілген болатын. Қазір сол үйде тұрып жатқан Үбітай зайыбы Нұрбүбі екеуі өздерін бақытты әулеттің бірі санайды.

Құдай қосқан қосағы Нұрбүбі болса зейнетке шыққанға дейін қызылшашы болып істеген. КСРО Жоғарғы Советінің депутаты болған, Еңбек Ері Нұрмаш Түйтебаевамен, озат қызылшашы Айша Қапарова секілді қызылшашылармен

жарысқа түсіп, еңбек көрігін қыздырғандардың бірі. Бригадир Райс Нұрланов атакты қызылшашылар мен еңбекпен өмірін өрнектеген Нұрбүбі мақтан етіп отырады.

Ерлі-зайыпты Үбітай мен Нұрбүбі дала төсінде еңбек көрігін қыздырып қана қоймай, отбасының көркі-ұл-қыздарына тағылымды тәрбие беруді де естен шығармаған. Балаларының барлығы өмірден өз орындарын тауып, үйлі-баранды болған.

Жылдың он екі мезгілінде дала төсінде тер төккен Үбітай Сәтібековпен әңгімелесе қалсаңыз сол дәуірде шаруашылықты басқарған білікті басшылар: Әлім Қолдасов, Тойғара Наржанов, Сайлау Жаманбаевтың қарапайым еңбек адамына деген құрметін, еңбекті бағалаудағы шешімдерін сағынышпен еске алып, олар жөнінде тебірене сөйлейтіні бар.

Адал еңбегімен ел құрметіне бөленген, өмірде қарапайымдылықты серік еткен, кішіпейіл де, ақжарқын мінезді Үбітай қоғам өзгергенімен өзгермеген. Бәз-баяғы қалпы. Қолындағы барын өзгемен бөлуге дайын, қамқорлықты қажет ететіндерге жәрдемін беретін, үлкеннің алдын кесіп өтпейтін, кішіні үлкендей сыйлайтын асыл азаматтың бойындағы адами қасиеттер әрқайсымызға ауадай қажет-ақ.

В ПОДДЕРЖКУ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

В рамках прошедшего 14 июня т.г. Форума «Надзор прокуратуры в сфере предпринимательства (содержание и приоритеты)» Генеральным Прокурором Республики Казахстан озвучены основные приоритеты в дальнейшей работе органов прокуратуры в сфере защиты бизнеса.

Для решения обозначенных проблем при участии государственных органов, Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» (далее - Палата), Республиканского общественного совета по поддержке предпринимательства при партии «Нұр Отан» разработана Дорожная карта.

Дорожная карта предусматривает более 100 организационно-практических и правовых мер по пяти основным направлениям:

- 1) Снижение давления со стороны контрольных органов;
- 2) Защита прав предпринимателей в уголовном процессе;
- 3) Защита прав предпринимателей в гражданском и административном процессах;
- 4) Устранение административных барьеров для развития бизнеса;
- 5) Массовое развитие бизнеса.

На сегодняшний день отдельные мероприятия Дорожной карты

уже реализуются: в рамках пилотной апробации защиты прав предпринимателей в уголовном процессе на базе ДГД по г.Астане и Акмолинской области; разработана и направлен в Палату План мероприятий для акимов сельских округов и местных госорганов по вовлечению населения в малый бизнес; проводится анализ жалоб с поиском возможных иных путей досудебного урегулирования споров предпринимателей и т.д.

В целях реализации мероприятий, предусмотренных 3-м направлением Дорожной карты: «Снижение давления со стороны контрольных органов», «Устранение административных барьеров» и «Массовое развитие бизнеса» прокуратурой Байзакского района организована соответствующая работа.

В этой связи прокуратурой района принимаются все предложения по защите прав предпринимателей в рамках реализации Дорожной карты.

По всем вопросам обращаться в прокуратуру Байзакского района по адресу: Байзакский район, с.Сарыкемер, ул.Смалова, д.4 и по тел.: 2-13-32, к старшему прокурору прокуратуры Байзакского района Калыбаеву Б.

«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПАСПОРТ БЕРЕ ОТЫРЫП БІРДЕЙЛЕНДІРУДІ ЖҮРГІЗУ»

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ

1. Жалпы ережелер
1. «Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік қызметті Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады. Ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу қажет болған жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:
1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі
4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу сәтінге дейін – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары айқындаған өткізу мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады;
Ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беру – 30 (отыз) минут;
2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;
3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;
4) сырға (сырғалар) жоғалған, бүлінген кезде (жеке нөмірін айқындау мүмкін емес) қайталама мемлекеттік көрсетілетін қызмет жануарларға жана жеке нөмір бере отырып, көрсетілетін қызметті берушіге сырғалар келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Ірі жануардың сырғаларының біреуі жоғалған немесе бүлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушіге аспалы сырға телнұсқасы келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны-электрондық (шінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі-ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру тәсілдерінің бірімен жануарларға ветеринариялық паспорт бере отырып жеке нөмір беру, телнұсқа беру, ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беру.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/қағаз түрде.
7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) ақысыз көрсетіледі. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес чиптердің құнын қайтару ақылы негізде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттің сапалы алу туралы конкурсті нәтижесі бойынша айқындаған чиптердің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекеленген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлейді.

8. Жұмыс кестесі:
1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мерекесіз күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында

сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделделтілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бастапқы бірдейлендіру үшін ветеринариялық паспорт беру;
- осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін);
- чиптер үшін ақы төлегенін (чиптен кезінде) растайтын құжат;

2) сырға (сырғалар) жоғалған немесе бүлінген кезде телнұсқасын алу үшін ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру өткізу үшін;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін);
3) жоғалған немесе ескірген кезде ветеринариялық паспорттың телнұсқасын алу үшін;
- ветеринариялық паспорттың екінші нұсқасын алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (ветеринариялық паспорттың жоғалғанын, бүлінгенін растайтын құжаттардың қосымшасымен қоса) өтініш;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін);

4) ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін;

5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін өтініш;

- жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін);

- порталға ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін;

- көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған

6) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін электрондық құжат нысанындағы өтініш;

Жеке басты куәландыратын құжаттың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

1) көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылдау күні, уақыты, құжатты қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсете отырып, тіркеу туралы белгі қойылғаны қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері

«ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛАР БЕРУ»

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік қызметті Астана және Алматы қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі
4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап жүгінген күні ішінде;
2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;
3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны-электрондық (шінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ветеринариялық анықтама, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Берілген ветеринариялық анықтамалар туралы мәлеметтер ақпараттық жүйеге енгізіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мерекесіз күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында (қоса алғанда) сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет ала жазылусыз және жеделделтілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына

қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

- жеке басты куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін);

- бес кепілден жоғары балықтарды және басқа су жануарларын (тірі, жана, салқындатылған, мұздалтылған балықтар, сондай-ақ гаммарус, артемия салина (цисталар) шаяндар) тасымалдау кезінде балық аулау орны туралы анықтама қажет.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылатын мемлекеттерден) әкелінген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) бақылау және қадағалау объектілерін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау кезінде – ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісі әкелінген ветеринариялық құжаттың көшірмесі. Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, ауыл шаруашылығы жануарының ветеринариялық паспорты туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні, уақыты, құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі қойылғаны қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) толық емес құжаттар топтамасы;

2) жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шығу (орналасқан) орындағы жануарлардың инфекциялық аурулары бойынша эпизоотиялық жағдайдың өзгеруі (нашарлауы);

3) жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шығу (орналасқан) орынын қолайсыз аймақ деп белгіленуі;

4) жануардың жеке нөмірінің болмауы;

5) жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың, көлік құралының ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері

бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде: шағым Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсындағы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер»

бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде: шағым Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсындағы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі. Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда:

- жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы көрсетіледі;

- заңды тұлғаның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымды тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады. Электронды өтінішті портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жанартылып отырады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органын атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымды тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері

ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті» арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

бөлімінде көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі. Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол беріледі.

Шағымда:

- жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы көрсетіледі;

- заңды тұлғаның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымды тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байанысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органын атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымды тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

13. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері

ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

15. Мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті» арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

ҚАУЫН ШЫБЫНЫ

Р. ҚОНЫСБАЕВА,
КРАШМ АӨК МИК Байзақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Бұл зиянкес өзінің биологиялық ерекшеліктеріне байланысты өте қауіпті және жойылуы қиын карантинді зиянкестердің бірі болып табылады. Ауа райы жағдайына байланысты бір ұрпағының даму кезеңі 30-45 күнге созылады және жылына 2-3 ұрпақ беріп дамыды.

Қауын шыбыны бақша дақылдарының барлығын, оның ішінде көбінесе қауын, қарбыз және қиярды залалдайды. Негізінен бақша дақылдарына қауын шыбынын дернәсілдері көп залал келтіреді. Осы дернәсілдер бақша дақылдарының етті шырынды қабатымен және ұрығымен қоректенеді. Залалданған жемістері шіриді және жеуге жарамсыз болып қалады.

Ауданымызда қауын шыбындары әзірше жоқ, алайда үлкен көлемде қауын мен қарбыз әкелініп жатқан өңірлерден келу қаупі бар.

Қауын шыбыны көк өскіннің немесе жас жемістің ортасына ұрығын тастап кетеді. Үш-төрт күн өткеннен кейін зиянкес жемістің мәйегіне өтіп, онымен қоректенеді. Құрттар 10 күнге жуық өмір сүреді. Қуыршыққа айналар алдында ол жемісті тесіп, жерге түсіп, 15 см тереңдікте топырақтың астына кіреді. 2-3 аптадан кейін қауын шыбындарының жаңа ұрпағы пайда болады.

Қауын шыбыны көкөніс өсіретін шаруа қожалықтарына үлкен зиян келтіреді. Егер оның жекеленген учаскелерде пайда болғанын уақытында байқамаса, келесі маусымда бүкіл егістікке жайылуы мүмкін. Тек шаруалар ғана емес, қарапайым тұтынушылар да сәк болғаны абзал. Өйткені қауындағы құрт тескен жер вирусты және жара ауруларының даму ортасы ретінде қызмет атқарады. Жемістің бүлінудің алғашқы белгілерінің бірі – құрт түскен орында ұсақ бүрткілер пайда болады, құрттардың дамуы нәтижесінде жеміс ішінен шіриді. Мұндай қауынды жемейсіздер, алайда оны жой ғана қояқсыз дақтары саулаға да болмайды. Қолдан келсе, жерге көмген дұрыс.

Қауын шыбыны ауаның орташа тәуліктік температурасы +20°C болғанда, қауын гүлдеп, түйнектей бастағанда ұша бастайды және өмір сүру мерзімі 2 ай. Анылығы ұшып шыққаннан кейін 7-8 күн өткен соң көлемі 3-4 см болатын жас түйнектердің қабығының астына 1-2 жұмыртқадан, ал зиянкестің сан деңгейі көп болған жағдайда бір түйнекке 60-70 жұмыртқадан қояды. Бір анылық 120-180 данаға дейін жұмыртқа салады. Ересек қауын шыбыны залалданған жерден шыққан жеміс шырынымен қоректенеді және танертеңгі уақытта белсенді қозғалыста болады, кешке қарай шыбын жапырақтың астында қимылсыз отырады.

Құрес шаралары: Бізде карантиндік нысан болып есептелінетіндіктен алдымен карантиндік шараларды ұйымдастыру: осы зиянкестің шыққан жерлеріне карантин қою және осы зиянкестің шыққан егістігінің маңайында 500-1000 метрге дейінгі жерде бақша дақылдарын өсірме